

1 бөлім

Ұсынылған жауап нұсқаларынан бір дұрыс жауап таңдалатын
тест тапсырмалары

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Та'рих-и Рашиди» атты еңбегіндегі Саид ханның қазақтарға, Қасым ханға баруы туралы мағлұматтар

...Бір сөзбен айтқанда, (Сұлтан Саид) ханды Қасым ханның жақсы қабылдағаны сонша, хан оның құрметтеп сөйлеген жылы сөзін өз өмірінің ақырына дейін ұмыта алмады. Және де әрбір мүмкіндік болған жағдайда үнемі хан, Жаратқан Құдай оның жанын жаннатқа жайғастырсын, Қасым ханды мақтап, оның өзіне қандайлық сүйіспеншілік көрсеткенін еске алып отыратын. Айтпақшы, (ол) Қасым хан қарсы алғаннан кейін өзіне мынадай сөздер айтқанын айтатын: «Біз дала тұрғындарымыз, бізде сирек кездесетін де, қымбат тұратын да заттар, тауарлар жоқ, біздің басты байлығымыз жылқы болып табылады; олардың еті мен терісі біздің ең жақсы тамағымыз бен киіміміз болып табылады, біздің ең сүйікті сусынымыз да соның сүтінен дайындалады, біздің жерімізде баубақ та, үйлер де жоқ; біздің көңіл көтеретін жеріміз – малдың жайылымы мен жылқы табындары, біз аттардың көркін көріп сүйсіну үшін табындарға барамыз».

XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы жніндегі материалдар. А., 1969, 225–226-б. (Орыс тілінде).

1. Деректе айтылған Саид ханның қазақтарға, Қасым ханға баруы туралы мағлұматтар жазылған Мұхаммед Хайдар Дулатидің еңбегі
 - А) «Диуани лұғат ат турк»
 - В) «Ақиқат сыйы»
 - С) «Диуани хикмет»
 - Д) «Та'рих-и Рашиди»
 - Е) «Шежре-и турк»
2. Мәтін бойынша «Біз дала тұрғындарымыз, бізде сирек кездесетін де, қымбат тұратын да заттар, тауарлар жоқ, біздің басты байлығымыз жылқы болып табылады» деген сөз тиесілі
 - А) Қасым ханға
 - В) Бұйдаш ханға
 - С) Жәнібек ханға
 - Д) Хақназар ханға
 - Е) Бұрындық ханға
3. Деректе көрсетілген мағлұматтарда аталып басты байлыққа теңелген төрт түліктің бірі
 - А) түйе
 - В) жылқы
 - С) қой
 - Д) қой, сиыр
 - Е) сиыр

4. Дерек бойынша Моғолстан билеушісі Саид ханды қабылдаған хан

- A) Қасым хан
- B) Бұйдаш хан
- C) Бұрындық хан
- D) Хақназар хан
- E) Тақыр хан

5. Мәтін бойынша дәйектердің ішінен дұрыс еместігін анықтаңыз:

- I. ...Бір сөзбен айтқанда, (Сұлтан Саид) ханды Қасым ханның жақсы қабылдағаны сонша, хан оның құрметтеп сөйлеген жылы сөзін өз өмірінің ақырына дейін ұмыта алмады
 - II. Әрбір мүмкіндік болған жағдайда үнемі хан, Жаратқан Құдай оның жанын жаннатқа жайғастырсын, Қасым ханды мақтап, оның өзіне қандайлық сүйіспеншілік көрсеткенін еске алып отыратын.
 - III. «Біз дала тұрғындарымыз, бізде сирек кездесетін де, қымбат тұратын да заттар, тауарлар жоқ, біздің басты байлығымыз жылқы болып табылады
 - IV. Біздің көңіл көтеретін жеріміз – малдың жайылымы мен жылқы табындары, біз төрт тұлктің көркін көріп сүйсіну үшін жайылымға барамыз».
- A) I,III
 - B) IV
 - C) II
 - D) III
 - E) I

Амангелді Иманов

«Амангелдіге жас кезінен – ақ жалшылықтың ащы дәмін татуға тура келді. Соған қарамастан, зейінді, зерек бала күрделі араб жазуын тез меңгеріп, еркін оқитын дәрежеге жетті. Саяси сауаттылықтың алғашқы сабақтарын Амангелдіге бірінші болып өмірдің өзі үйретті. Олар Ресейдегі 1905-1907 жылдардағы бірінші буржуазиялық-демократиялық революцияның оқиғалары, осы жылдары қазақ еңбекшілері арасындағы толқудың күшейе түсуі еді. Имановтың кеңесі бойынша, Қайдауыл болысындағы қазақ кедейлері 1906 жылы патша қазынасына салық төлеуден бас тартты. Амангелді Қараторғай және Қайдауыл болыстарындағы қазақ еңбекшілерінің шабындықтарды заңсыз басып алған байларға қарсы күресіне басшылық етті. 1908 жылы Иманов Торғайда қазақтардың патша әкімшілігіне қарсы наразылығын ұйымдастырып, ол үшін қамауға алынған».

1. Мәтінде сипатталған тарихи тұлғаның саяси реакция кезеңіндегі көзқарасы
 - A) либералды-демократиялық
 - B) коммунистік
 - C) бейтарап
 - D) роялистік
 - E) революциялық-демократиялық
2. А.Иманов күрес жүргізген шайқастардың ішінен қатесін табыңыз
 - A) Доғал-Үрпек
 - B) Татыр
 - C) Торғай
 - D) Шерубай-Нұра
 - E) Күйік қопа
3. Мәтінде сипатталған тарихи тұлға басқарған күрестің шығу себебі
 - A) Жер мәселесі
 - B) Қазан төңкерісінің жеңіске жетуі
 - C) Ұжымдастыру саясатының басталуы
 - D) Ұйғырлар мен дүнгендердің көшіп келуі
 - E) Орыс мектептерінің ашылуы
4. Мәтінде сипатталған тарихи тұлғаға байланысты Патша әкімшілігінің қолданған әрекеті
 - A) ымыраластық
 - B) амнистиялық
 - C) жазалаушылық
 - D) аннексиялық
 - E) контрибуциялық
5. Тарихи тұлғалар А.Иманов пен Ә.Бөкейхановтың ұқсас жақтары
 - A) I Мемлекеттік Думаның депутаттары
 - B) Ақсүйек тұқымынан шыққан
 - C) Уақытша үкіметтің комиссарлары
 - D) Алаш партиясының қайраткерлері
 - E) Азаттық күресінің көшбасшылары

2 бөлім

Ұсынылған жауап нұсқаларынан бір немесе бірнеше дұрыс жауаптар таңдалатын тест тапсырмалары

1. 1881 жылы Ресей мен Қытай елдері арасында жасалған келісім
 - A) Нерчинск келісімі
 - B) Тяньцзин келісімі
 - C) Құлжа келісімі
 - D) Шәуешек хаттамасы
 - E) Айгүн келісімі
 - F) Пекин шарты
 - G) Кяхта кездесуі
 - H) Петербург шарты
2. Моңғол мемлекетіндегі әскери әкімшілік аймақ(-тар)
 - A) батыс қанат
 - B) орталық
 - C) мыңдық
 - D) оң қанат
 - E) түмен
 - F) шығыс қанат
 - G) сол қанат
 - H) жүздік
3. Еуразияның бүкіл далалық аймағы «Дешті Қыпшақ» аталған ғасыр(-лар)
 - A) X-XII ғғ.
 - B) XI-XIII ғғ.
 - C) XII-XIII ғғ.
 - D) XII-XIV ғғ.
 - E) XI-XII ғғ.
 - F) XI-XIV ғғ.
 - G) IX-XII ғғ.
 - H) VII-XII ғғ.
4. Моғолстан мемлекетінің жер аумағы(-тары):
 - A) Сырдың төменгі ағысы
 - B) Жошы ұлысының шығыс бөлігі
 - C) Монғолияның батысы
 - D) Шағатай ұлысының шығыс бөлігі
 - E) Қырғызстан аумағы
 - F) Оңтүстік-шығыс Қазақстан
 - G) Шығыс және Солтүстік Қазақстан жері
 - H) Еділ мен Жайық аралығы

5. Қарахан мемлекетінде вакфты жерлерді иеленген(-дер)

A) даруға

B) дінбасы

C) әскербасы

D) жабғу

E) уәзір

F) тегін

G) бек

H) шонжар